| | |
|---|---|
| | үйрету.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* тақырыпқа байланысты әңгімелесе білуге баулу.<br>Күтілетін нәтиже: өз бетінше кітаптарды қарайды. «Ү» дыбысының дұрыс айтады. Тақырыпқа байланысты әңгімелейді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Балалардың сөйлеу мәнерін , сөздік қорларын байытуда тақпақтар жаттату. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Анық сөйлеуге жаттықтыру, оқу іс-әрекет дағдыларын тәрбиелеу.<br>Айлана, Ибрагим |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету.Қарапайым мәтіндерді, тақпақтарды тыңдауға және оларды түсінуге,мазмұнын айтып беруге машықтандыру. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабинеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Қысқы киімдер»
Жоспардың құрылу кезеңі: 21.12.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларға қысқы киімдер(Баскиім,аяққиім,сырт киімт.б) туралы білімдерін бекіту.Ұл баламен қыз баланың қыстық киімдерін, олардың ерекшелігі мен ұқсастығын ажырата білуге үйрету.Тиым сөздер, жұмбақтар шешкізу арқылы ойлау қабілетін дамыту.<br>Өз- өзіне қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту.Ұқыптылыққа тазалыққа тәрбиелеу.,Қыстық киім түрлерін айта білуді үйрету. Өткен тақырыпты қайталау.<br>Көрнекіліктер: Қыстық киімдер,Мазмұнды суреттер, баласанына қарай қолғаптар.<br>Шаттық шеңбері:<br>Бізкішкентайбаламыз<br>Өсіпөніптоламыз.<br>Күнгеқарайталпынып<br>Көкке қанатқағамыз.<br>Әлемдегібарадамға<br>Жақсылықбізтілейміз<br>Қайырлытаңбалалар!<br>Қайылытаңапайлар!<br>*<u>Тілдік дамытушы орта:</u>*ортақ тақырыпта әңгімелесу.Кіріспе әңгіме<br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.<br>**Жұмбақ**<br>Әуеде ақ мамық<br>Қабалақтап ұшады,<br>Қанаты жоқ талып<br>Жерді барып құшады .<br>Ол не балалар? ( Қар )<br>Ендеше қар жылдың қай мезгілінде жауады?Қыс мезгілінде қар жауады. Қардың түсі қандай болады?<br>Қардың түсі ақ болады,Ұлпа ,жұп -жұмсақ ,мамықтай болады.<br>Балалар ,аязды күні қарды басып жүрсең қандай дыбыс шығады?<br>Сықыр- сықыр ,қырт- қырт<br>Қыстақандайойындаройналады?<br>Шанаменсырғанаймыз, Коньки тебеміз, Қарданаққалажасаймыз.<br>Қысмезгіліндеауарайықандайболады?<br>Аяз,суық ,жертайғақ. |

| | |
|---|---|
| • | Біз қыста қандай киімдер киеміз ?<br>Жылыкинеміз ,үстімізгеқалың куртка, пальто,басымызға бас киім,қолымызға қолғап киеміз,аяғымызға қалың етік.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* көрнекілікпен жұмыс. «Ө» дыбысына байланысты сөздерді үйрету. Ө-өріс, ө-өрік, ө-өт.<br>*Сөздік қор:* Табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануға қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын: «Қатырмақ»**<br>**«Ойынның шарты**:Екі бала ортаға шығып жемпірлерінің түймесін түймейлеп жарысады ,кім бірінші түймейлесе сол жеңімпаз болады.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>**Сурет бойынша әңгіме**<br>1.Мына суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген ?<br>2.Мұнда балалар  не істеп жүр ?<br>3.Қандай ойындар ойнап жүр ?<br>4.Үстілеріне қандай киім киген ?<br>*Байланыстырып сөйлеу:* сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>**Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап»** тиым сөздерді үйрету.<br>1.Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды.<br>2.Киімнің жағасын басуға болмайды.<br>3.Аяқ киімді,төңкеріп  теріс киюге болмайды.<br>4.Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді.<br>Күтілетін нәтиже:Табиғат нысандарыныңатауларын өздігінен қолданады.. Сұрақтарға жауап беруде, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға жаттықтыру.<br>Сабрина, Ахмад |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Ғажайып ертегі» апталығына балаларды дайындау. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Ата-аналармен жұмыс.: «Сәлем, жаңа жыл!» балалар мен ата-аналар орындаған қыс мезгіліне байланысты суреттер көрмесі. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Жаңа жыл»
Жоспардың құрылу кезені: 28.12.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Каңа жыл мерекесі жайлы айта білуге үйрету.Өткен тақырыпты қайталау.<br>*Тілдік дамытушы орта:* тақырып бойынша бірлескенәрекеттер туралы келісуге үйретуде логикалық тапсырма «Суретті жина,сөйлем құра» қиынды суреттерден шыршаның,ойыншықтардың суретін жинау.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* тақырыптық сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру«ә», «ү» дыбыстарының дұрыс айтылуын қадағалау.<br>Үй-үй-үй-күмбірлейді күй.<br>Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жаттығулар жасату.<br>*Сөздік қор:* тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыруда тақырыпқа байланысты сурет бойынша әңгімелеу.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* тақырыпқа байланысты сөздерді айтқанда, сөйлем құрап айтқанда грамматикалық тұлғаларды дұрыс сақтап сөйлей білуге үйрету.<br>Жаттығу:<br>-Шыршаның түсі қандай?<br>-Шыршаның түсі жасыл.<br>-Шырша қайда өседі?<br>-Шырша орманда өседі.<br>-Жаңа жыл мерекесі несімен ұнайды?<br>-Жаңа жыл мерекесі көңілді болады.Аяз ата сыйлық береді.<br>Бейнелеу өнері: «Шырша» оригамиі<br>*Байланыстырып сөйлеу:* алдын-ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. «Шырша мерекесі» тіреккесте бойынша сөйлем құрау.<br>Диалог түрінде сөйлесу:<br>-Суретте кімдер бар?<br>-Суретте балалар бар.<br>-Балалар не істейді?<br>-Балалар шыршаның жанында билейді.<br>Тіл дамыту (қайталау) С.Жиенбаев «Жаңа жыл»<br>Жаңа жыл келеді,<br>Бізге қарай жылыстап.<br>Өлең де әзір, ән де әзір.<br>Ойын да әзір, бәрі әзір.<br>Кел, жаңа жыл,жаңа жыл! (қабілеті төмен балаларға айтқызу. |

| | |
|---|---|
| | Күтілетін нәтиже:Жаңа жыл мерекесі жайлы айта біледі. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жаттығулар жасайды.Алдын-ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелеседі. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Жаңа жыл» мерекесіне арналған әндер мен өлеңдер жаттату. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Тақырыпқа байланысты байланыстырып сөйлеуге үйрету. Қыста қар жауады, боран соғады.Шырша мерекесі туралы әңгімелеу.Қазақ тілінде дұрыс, анық сөйлеуге жаттықтыру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Септік жалғауларын дұрыс қолдануды үйрету. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Ата-аналарға жаңа жыл мерекесіне байланысты жүргізілетін жұмыстар туралы әдістемелік кеңес беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

<u>«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы</u>
Балалардың жасы: <u>3 жас</u>
Тақырып<u>: «Қысқы ойындар»</u>
Жоспардың құрылу кезеңі:04.01.2024ж.

<table>
<tr>
<td>Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы</td>
<td>Қысқы ойындар туралы түсінік қалыптастыру. Өткен тақырыпты қайталау.Тақырып бойынша балалардың сөздік қорын молайту; Сөз, сөйлем ойлау қабілеттерін дамыту; Өз тәжірибесін қолдану арқылы сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету.Балалардың ойлау қабілетін, түйсігін, сөйлеу мәнерін дамыту.Өз жолдастарының пікірін назар салып тыңдай білу дағдысын қалыптастыру.<br>Сөздік жұмыс: Күртік қар, ұлпа қар.<br><u>Тілдік дамытушы орта:</u>бір-бірімен қысқы ойында , дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге дағдыландыру.Балалар топшаларға бөлініп отырады. Әр топша үшін үстел үстінде 8 – ге бөлінген сурет бөліктері жатыр.<br>- Балалар, енді біздер «Суретті құрастыр» деп аталатын ойынды ойнаймыз.<br>Балалар бір – бірімен ақылдаса отырып, суретті құрастырады.<br>- Қане балалар қандай сурет құрастырдыңдар?<br>Балалардың жауаптары.<br>- Қар ұшқыны не қаршық, қарға, ақшақар. Педагог осы ретпен суреттерді тақтаға орналастырады.<br>- Осы суреттердің атауларында қандай ортақтастық бар?<br>Балалардың жауабы.<br>- Барлығында «қар» сөзі кездеседі.<br>Балалар интерактивті тақтадан қысқы ойындар бейнеленген көріністерін видеотаспа арқылы тамашалайды.<br>- Балалар, осы мезгілге байланысты қар сөзін қатыстырып, тағы қандай сөйлем құрастыруға болады?<br>- Қар жауып тұр. Жерде күртік қар жатыр. Ағаштар қар жамылып тұр.<br>- Сендер өте жақсы жауап бердіңдер, жарайсыңдар.<br><u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті::</u>«Ө» дыбысының дұрыс айтылуын қалыптастыру және тіл ұстарту жаттығуын жасату.<br>«Ыс - ыс - ыс, келіп жетті қыс»<br>«Ар - ар - ар, жауып жатыр ақша қар»<br><u>Сөздік қор:</u> балалардыңсөздік қорын дамытуда қысқы ойындарға байланысты тақпақтар жаттату.<br>Балалар, осы көріністерді бір сөзбен қалай атауға болады?<br>- Қысқы ойындар немесе спорттың қысқы түрлері.</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Педагог қыс туралы өлең жолдарын балалармен бірге айтады.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса жаусын ақша қар.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөздерді байланыстырып сөйлеуде зат есім және етістікті үйрету.<br>-Балалар, осы мезгілге байланысты қар сөзін қатыстырып, тағы қандай сөйлем құрастыруға болады?<br>- Қар жауып тұр. Жерде күртік қар жатыр. Ағаштар қар жамылып тұр.<br>- Сендер өте жақсы жауап бердіңдер, жарайсыңдар.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* тақырыпқа байланысты әңгімелесе білуге баулу.<br>- Балалар, енді алдарыңдағы карточкаларды белгілеп қойған бетін ашып, ондағы суреттерге назар аударыңыздар.<br>Балалардың жауабы:<br>- Кірпі шанамен зырлап барады.<br>- Қояндар конькимен сырғанап жүр.<br>- Ит шаңғы теуіп келеді.<br>- Түлкі хоккей ойнап жүр.<br>Күтілетін нәтиже: Қысқы ойындар туралы түсінік қалыптастыру,тақырыпқа байланысты әңгімелейді.«Ө» дыбысының дұрыс айтады ж әне тіл ұстарту жаттығуын жасайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға жаттықтыру.<br>Тасмин, Глеб |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Балапаным биік ұш»» мәнерлеп оқуға балаларды дайындау. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған жұмыс жоспарына» әдістемелік көмек беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Үй жануарлары»
Жоспардың құрылу кезеңі:11.01.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Үй жануарлары туралы түсініктерін қалыптастыру.Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізер пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты жұмбақ, тақпақтар айтқызып сұрақ - жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>*Тілдік дамытушы орта:*Үй жануарлары туралы өз бетінше кітаптарды қарауға баулуда «Жұмбақтар» Алматы «Өнер» кітабын қолдану арқылы жұмбақтар жасыру.<br>- Балалар алдымызда тұрған кітаптар бұрышында жұмбақтар жасырынған екен. Егер сендер жұмбақтың шешуін табатын болсаңдар бүгінгі оқу іс - әрекетімізде қандай тақырып туралы әңгімелейтінімізді табасыңдар.<br>Жұмбақтар:<br>1. Қамыс құлақ,<br>Тостаған тұяқ.<br>Мінсең қанат<br>Сүті дәрі еті тамақ. ( Жылқы)<br>2. Екі айнасы бар<br>Екі найзасы бар (Сиыр)<br>3. Үстінде екі тауы бар,<br>Қызық бір жануар (Түйе)<br>4. Кішкенеғанабойы бар<br>Айналдыракиген тоны бар. (Қой)<br>5. Секең - секеңетеді<br>Таумен - тасқажетеді. ( Ешкі)<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*Сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту.<br>Үй жануарларының суретін тақтаға ілу.<br>- Біз бүгінгі оқу іс-әрекетінде үй жануарлары туралы әңгімелесеміз.<br>- Үй жануарларына қандай жануарлар жатады?<br>- Төлдерін қалай атаймыз?<br>Көрнекілікпен «Қ» дыбысын таныстыру,сөйлемде машықтандыру.<br>*Сөздік қор:*қоршаған ортада күнделікті жиі қолданатын жануарлардың, төрт түліктердің атауларын айту және түсіну дағдылрын қалыптастыру.<br>Дидактикалықойын: «Не қандайдыбысшығарады?» |

| | |
|---|---|
| | Ойынныңмақсаты: Жан-жануарлардыңдыбысынүйрету.<br>Ойынныңмазмұны: Тәрбиешіжан-жануарлардың ( сурет, не ойыншық) көрсетіп, сұраққа-жауапберуінталапетеді. Қоймаңырайды, сиырмөңірейді, итүреді - депжауапбереді.<br>- Неліктенолаpүйжануарларыдепаталады?<br>- Үйжануарларыныңқандайпайдасы бар?<br>Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, адамныңүйініңмаңайындатіршілікетеді.<br>Солүшінүйхайуандарыдепаталады.<br>Үйхайуандарыадамғакөппайдакелтіреді.<br>Жылқығамінеді, оны арба мен шанағажегеді, сүтіненқымызашытады.<br>Семіздерінқыстасоғымғасояды, терісінсатыпақшақылады. Түйегежүкартады, жабағысықүлігежақсыболады. Сиыр мен қойадамдыетімен, сүтіменасырайды.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*жуан және жіңішке сөздерді көпше түрде қолдануға баулу.<br>Еш-кі, жыл-қы,қой.<br>Сергіту сәті: «Қошақан» әні<br>Қошақаным тұршы,<br>Беті–қолыңды жушы,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Орныңа отыршы.<br>*Байланыстырып сөйлеу:*таныс ертегілерді өздігінен қайталап айтуға баулуда мобильді кітапхананы қолдану арқылы «Жыл басына таласқан хайуанаттар» тыңдатып, бала ойын сұрау.<br>Күтілетін нәтиже: Үй жануарлары туралы өз бетінше кітаптарды қарайды.Қоршаған ортада күнделікті жиі қолданатын жануарлардың, төрт түліктердің атауларын айтады және түсіну дағдылары қалыптасты.Жуан және жіңішке сөздерді көпше түрде қолдануға үйренді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға баулу.<br>Айнашу |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Қызықты жұмбақтар»» мекеніне балаларды дайындау. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған жұмыс жоспарына» әдістемелік көмек беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Жабайы аңдар»
Жоспардың құрылу кезені:18.01.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Жабайы аңдарды дұрыс дыбыстап айтуға үйрету. Өткен тақырыпты қайталау. Жабайы аңдарды бір-біріне ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету.Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. Қызықты ойындар арқылы балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту. Әрбір аңның және баласының атын дұрыс атауға жаттықтыру. олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту.Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен карауға, табиғатты аялай білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>*Тілдік дамытушы орта:*бірлескен әрекеттері туралы келісуге,ортақ тақырыпта әңгімелесу.<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілі<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>- Үш ай. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>- Қыс мезгілінде табиғатта қандай құбылыстар болады?<br>- Су қатады, боран соғады, аяз болады, айналаның бәрін қар жауады.<br>- Қандай жабайы жануарларды білесіңдер?<br>- Аю, қасқыр, түлкі, тиін кірпі.<br>- Оларды неге жабайы жануарлар деп атайды?<br>-Өйткені олар орманда өмір сүреді, тамақтарын өздері тауып жейді, өздеріне тұратын үй здейді.<br>- Өте жақсы балалар сендер жақсы жауап бердіңдер!<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*төл дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға дағдыландыру. «Қ» дыбысына байланысты қас-қыр, қа-сық, қа-ла.<br>Сергіту сәті.<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы – қырлы жерлермен<br>Ытқып – ытқып жүгірді<br>Қарап еді артына<br>Қиығын сап көзінің<br>Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің<br>*Сөздік қор:*жабайы жануарлардың атауларын және түсіну дағдыларын қалыптастыру. |

| | |
|---|---|
| | «Жабайы аңдарды сипаттау»<br>1. Аю - жырткыш аң, бірақ ешкімге тиіспейді. Аюдың екі түрі болады ақ және сұр. Ақ аю суда, салқын жерлерде мекендейді. Сұр аю орманда мекендейді. Жазда жеміс - жидек тереді. Аюлар күзде май жинайды, ал қыс бойы апанда, алақанын сорып ұйықтайды. Аюлар тоңғандықтан емес, жейтін қорегі таусылғаннан кейін ұйықтайды. Орманда мекендейді.<br>- Аю туралы қандай ертегі білесің?<br>2. Түлкі - ақылды, жыртқыш аң. Түлкінің терісі бағалы. Терісінен тымақ тігеді. Түлкі інде тұрады. орманда мекендейді.<br>- Түлкі қандай ертегілерде кездеседі?<br>*<u>Тілдің грамматикалық құрылымы: сөз тіркестерін құрастыруда сын есімдерді қолдау.</u>*<br>*<u>Байланыстырып сөйлеу:</u>*шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйретде«Балаларын ата» үстел үсті ойынын ойнату.<br>- Балалар, енді жабайы аңдардың баласын атаңдар.<br><br>**Мнемокестелер бойынша жабайы аңдар туралы байланыстырып әңгіме құрастыру.**<br><br>1.Мынау қоян.Ол-жабайы аң.<br>2. Қоянның жылы жүні бар.<br>Қыста-ақ. Жазда –сұр.<br>3.Қоян сәбіз , орамжапырақ жақсы көреді.<br>4.Қоян орманда мекендейді.<br>5.Қоянның баласы көжек.<br><br>Күтілетін нәтиже: Жабайы аңдарды дұрыс дыбыстап айтады.Төл дыбыстарды өздігінен дұрыс айтады.Жабайы жануарлардың атауларын және түсіну дағдыларын қалыптасты.Шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес логикалық екпінді қолданып мәнерлеп айтуға баулу. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. Рамазан, Алиби |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге | «Жаңылтпаштар жәрмеңкесі» балаларды дайындау. |

| | |
|---|---|
| деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған жұмыс жоспарына» әдістемелік көмек беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Өзім туралы»
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.01.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Амандасу.Өткен тақырыпты қайталап, күз айлары атауларын жаттату.<br>1.Сәлеметсіздер ме,балалар!Біз бүгін қазақ тілін үйренуді жалғастырамыз.<br>2. «*Әңгіме*: Өз туралы әңгімелеуге үйрету.<br>- Менің атым Айна.<br>- Мен үш жастамын.<br>3. *Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*өзі туралы ,құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу .<br>Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту бойынша Ф/ж «Сөзұйқасты жаттап ал» на-на на-менің атым Айна. Мын-мын-мын-мен үш жастамын.<br>4. Сергіту сәті : «Біз доспыз»<br>5. *Сөздік қор:* Маған балабақша ұнайды.Балабақшада ойнаймыз,билейміз,ән айтамыз.<br>6. *Тілдің грамматикалық құрылымы:*түбір сөздерді ажыратуға үйрету.<br>Дос-доспыз. Бала-балабақша.<br>7. *Байланыстырып сөйлеу:* ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгертуде сурет бойынша әңгімелеп,тақырыптық сөздерді үйрету.Айна менің досым. Бірге ойнаймыз.<br>8. Күтілетін нәтиже: Тақырыптық сөздерді,олардың мағынасын,түбір сөздерді біледі;<br>Өзі туралы әңгімелей алады. Нұсқауларды дұрыс орындайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Мемлекеттік тілде мәдени-әлеуметтік өзара қатынасқа дайын тұлғаны тәрбиелеу |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Қазақ тілінде дұрыс,анық сөйлеуге жаттықтыру.<br>Айгана |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Сөздерді дұрыс байланыстыруға, байланысқан тіркестердің мәнін түсінуге қалыптастыру.<br>Айна менің досым. Бірге ойнаймыз. Біз доспыз. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Тәрбиешілерге күнделікті үйренген сөздерін топта қайталатуға кеңес беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Үй құстары»
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.02.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Өткен тақырыпты,қыс мезгілі туралы қайталау.Үй құстарын атай білуге үйрету. Үй құстарының тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейту. Үй құстарының пайдасы туралы мағлұмат беру. Құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>— Балалар, қолымыздан ұстап «Қуаныш шеңберін» құрып, бір-бірімізге жылуымызды білдірейік.<br>Қуанаман мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге!<br>— Өте жақсы балалар, енді орнымызға отырайық. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>— Қыс мезгілі<br>— Қыс мезгілінде ауа-райындағы өзгерістер қандай болады?<br>— Қыста күн суық болады, табиғат ұйқыға кетеді. Қыста қалың жауған, ақ қар басқан ағаштар әдемі көрінеді, ауа тазарады. Адамдар ауа-райына сай жылы киімдер киеді.<br>*Тілдік дамытушы орта:*құрастырғыш қағаздар таратылады.<br>— Балалар, сендер нені құрастырдыңдар?<br>Ягни балалар, бұл үй құстары екен.<br>Біздің бүгінгі жаңа тақырыбымыз «Үй құстары»<br>Балалар үй құстарының түрлерін атап кетсем: Әтеш, тауық балапан, қаз, үйрек ( суреттерін тақтаға іле отырып атау).<br>Еркін тапсырма:үй құстары туралы өз бетінше кітаптарды карауға баулу.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*Сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту. |

Мнемокестелер бойынша құстар туралы байланыстырып әңгіме құрастыру.



1.Мынау құс. Құстың басы, тұмсығы, екі көзі,денесі, құйрығы, екі аяғы бар.
2. Құстың екі қанаты бар. Ол ұшады.
3.Құстың қауырсыны бар.Ол жылы, жұмсақ.
4.Құстар жәндіктермен қоректенеді .
5.Құстар ұя салады. Көктемде жұмыртқа басады.
6.Жұмыртқа сопақша, ақ.
7.Жұмыртқадан кішкентай балапан шығады.

<u>*Сөздік қор:*</u>қоршаған ортада күнделікті жиі қолданатын құстардың атауларын айту және түсіну дағдылрын қалыптастыру.

Мынау-қаз. Қаздың мойны, тұмсығы ұзындау болады. Ал мынау қанаттары. Қаз тауықтарға қарағанда үлкендеу болады, жұмыртқасы да үлкендеу болады.(салыстырту). Ал мынау-үйрек. Үйректің түсі ақ екен. Бұл құстар суда жүзгенді ұнатады.Үйректің де жұмыртқасы болады, ол да тауықтікіне қарағанда үлкендеу болады.(Салыстыру).

<u>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*</u>жуан және жіңішке сөздерді көпше түрде қолдануға баулу.

Интерактивті құралдың көмегімен құстардың дыбысын тыңдау.

Жұмбақ шешу.

Басында айдары бар,
Иегінде сақалы бар. (Әтеш)

Үй құстарын атап беріңдер?
(қаз, тауық, әтеш, үйрек)

Әтеш туралы кім жаңылтпаш біледі?

Әтеш әнге басады,
Әтеш ұйқы ашады.

| | |
|---|---|
| | *Байланыстырып сөйлеу:* «Тарғыл тауық» ертегісін өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>— Сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма?<br>— Ия, ұнатамыз.<br>— Ендеше, мен сендерге «Тарғыл тауық» ертегісін айтып берейін.<br>Ертеде атай мен әжей болыпты. Олардың тарғыл тауығы болыпты. Атай мен әжей тарғыл тауыққа жем беріп, күтіп бағады.Бір күні тарғыл тауық алтын жұмыртқа туады. Атай алтын жұмыртқаны қолына алып, әрі ұрады, бері ұрады сынбайды.Әжейде алтын жұмыртқаны алып сындыра алмайды. Бір кезде анадай жерде кетіп бара жатқан тышқан жұмыртқаны құйрығымен қағып кетеді. Сол кезде алтын жұмыртқа жарылып қалады. Атай мен әжей жарылған алтын жұмыртқаны көріп қатты жылайды. Сонан кейін тарғыл тауық ақ жұмыртқа туады.Оған әжей мен атай қатты қуанады<br>— Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?<br>— Ұнады.<br>— Бұл ертегіде қандай кейіпкерлер бар?<br>— Әжей, атай, тауық, тышқан.<br>— Қандай тауық?<br>— Тарғыл тауық.<br>— Тарғыл тауық қандай жұмыртқалар туды?<br>— Алтын жұмыртқа, ақ жұмыртқа.<br>Дидактикалық ойын: «Анасын тап»<br>Шарты: Балаларға үй құстарымен олардың балапандарының суретін үлестіріп беру. Балалар анасын балапанымен жұптастырады.<br>-Балалар, сонымен сендер қандай үй құстарын білесіңдер<br>— Қаз, тауық, үйрек.<br>— Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?<br>— Үйде мекендегендіктен үй құстары дейміз.<br>— Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?<br>— Үй құстарының еті, сорпасы, жұмыртқасы адам ағзасына өте пайдалы.<br>— Өте жақсы, дұрыс айтасыңдар!<br>Күтілетін нәтиже: Үй құстарын атайды. Үй құстарының пайдасы туралы біледі. «Тарғыл тауық» ертегісін өздігінен айтады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Халық ойындарының қазынасы болып табылатын санамақтарды үйрету. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Кесте бойынша тақпақты жаттату: «Тырна,тырна,тырналар» |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Ертегілер еліне саяхат» балаларды дайындау. |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Көліктер»
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.02.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Көлік атауларымен таныстыру. Сөздерді анық айтуға жаттықтыру. «Мынау не?» деген сұраққа жауап беруге үйрету.<br>*Тілдік дамытушы орта:* дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу.<br>Қане, бір-бірімзге жылы лебіздер білдірейік: мейірімді бол, талапты бол, көңілді бол,т.б<br>Жарайсыңдарбалаларқанеорнымызғажайғасамыз.<br>- Балаларқазіржылдыңқаймезгілі?<br>- Қысмезгілі<br>- Қысмезгілінденешеай бар?<br>- Үшай бар,<br>- Қысайларынатайықшы?<br>- Желтоқсан, қаңтар, ақпан<br>- Қысмезгіліндекүнқандайболады?<br>- Салқын ,суық, аязды, қарлы, боранды болады.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* «Қ» дыбысының дұрыс айтылуын қалыптастыру. Қ-қ-Қа-қа-қай-ық,<br>Дидактикалық ойын:«Көліктердің дыбысын ажырат»Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетіндамыта отырып,есте сақтау қабілетін арттыру,байқампаздыққа баулу<br>*Сөздік қор:* қоршаған ортада күнделікті жиі қолданатын көліктердің атауларын айту және түсіну дағдылрын қалыптастыру.<br>Жарайсыңдар балалар, күн суық, ал сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?<br>- Көлік дегеніміз не?<br>- Көліктің қандай түрлері бар?<br>- Көліктерге не жатады?<br>- Көліктердің қандайпайдасы ?<br>-Міне, бүгінгіоқуқызметімізде көнде көріп жүрген<br>, мініпжүрген көліктертуралы өтетінболамыз.<br>Балалар мен сендергежұмбақжасырайын ал сендертауыпкөріңдер?<br>1. Құссияқтықұсемес,<br>Жүрседетымбиікте.<br>Қақпайдыбірқанатын,<br>Жүрседетымбиікте . (Ұшақ)<br>2.Қос күрекпенеседі, |

| | |
|---|---|
| | Су көлігідеседі. (Қайық)<br><br>3. Жүргізушіжүргізеді,<br>Төртаяктыбатырды . (Жеңілкөлік)<br>Жарайсыңдарбалалар, недеген тапқырбалаларедіңдер.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу.<br>Көрнекілік суреттерге назар аударайықшы.<br>«Көңілді көліктер»<br>Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді:<br>Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран-ұшады.<br>Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық-жүзеді.<br>Темір жол көліктері – Поёздь-жүреді.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* Көліктер туралы ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер.<br>Мысалы автобус,жедел жәрдем көлігі, жүк көлігі, өрт сөндіру көлігі т.б.<br>Көлік бізге не үшінкерек? (баланыңжауабы)<br>Яғникөліктер<br>- біржерденекіншіжергежетуүшінкерек. (ауылдан-қалаға, үйден-дүкенге, т.б.)<br>- Ауыржүктердітасымалдау, апаруүшінкерек (мыс үйқұрылысынаарналғанқиыршықтастар, құмдар, саз цемент , үлкенсөрелер, ауырсөмкелер, шкаф, тоңазытқашт.б. бізқолменкөтереалмаймыз, сондықтанауыржүккөліктерінежүгінедіекенбіз)<br>Демек бізгекөліктердің көпкөмегі бар екен.<br>Күтілетін нәтиже: Көліктердің қандай түрлерін ажыратады. «Қ» дыбысымен танысты. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Халық ойындарының қазынасы болып табылатын санамақтарды үйрету. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Тірек-кесте бойынша тақпақ жаттату.<br>Үлкенболыпөскенде,<br>Машина аламменде.<br>Бірақолүшінәрине,<br>Оқукереккүнде.<br>Мухамедова Амина |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Кел, санайық санамақ!» балаларды дайындау. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған жұмыс жоспарына» әдістемелік көмек беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айголек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Электроника әлемі»
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.02.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларды электроника әлемінің атауларымен таныстыру. Жаңа сөздерді жататату. Электроника әлемі туралы түсінік қалыптастыру ,қауіпсіздік ережесімен таныстырып, пайдасы туралы білімдерін нығайту.<br>*Тілдік дамытушы орта:* бір-бірімен күнделікті еркін ойында дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу.<br>Шаттық шеңбері:Сәлем саған Алтын күн!<br>Сәлемсағанкөкаспан!<br>Сәлемсағанжерана!<br>Сәлемсағандостарым!<br>Әуенойналады, балаларкөздеріңдіжұмыпелестетеміз. Алғашқықаржауды, дала, айналабәріаппақ , балалардаладақарданаққалажасап, шана-шаңғытеуіпойнапжүр. Балаларкөзалдымызғаелестеттікпе? Мен қайжылмезгілінсипаттадым?<br>- Қыс мезгілінденешеай бар? Қандай,қандай?<br>- Қысмезгіліндеауарайындақандайерекшеліктерболады?(балалардыңжауабы)<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* тақырыптық сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру «қ» дыбысының артикуляциясын, дұрыс айтуын нақтылау және бекіту.<br>тақырыптық сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру«қ» дыбыстарының дұрыс айтылуын қадағалау.<br>*Сөздік қор:* қоршаған ортада күнделікті жиі қолданатын электроника атауларын айту және түсіну дағдылрын қалыптастыру.<br>***Жұмбақ***<br>*Ән салады чемодан*<br>*Ішінде тұр көп адам,*<br>*Естімейді сөзіңді,*<br>*Сөйлемейді сөзіңді.*<br>*Шешуі не екен, балалар?*<br>*(Теледидар)* |

| | |
|---|---|
| | <br>*Теледидар – балалартеледидардыңпайдасыкоп. Көптегенжаңалықтарды, киноларды, ертегілерді, концерттерді, теледидарданкөреміз.теледидаркөргендебізтеледидарданалысотырып, қарауымызқажет. Жақынотырыптеледидарқарауғаболмайды. Көзімізгезиян*<br><br>*Жарайсыңдар,балалар бүгінгі оқу қызметіміз «Электроника әлеміне саяхат» деп аталады. Электроника әлеміқұралдарына: теледидиар, компьютер, телефон, үтік, шаңсорғыш, мұздатқышжатады.*<br><br>*Телефон – байланыс құралы. Алғашқы телефонды ойлап тапқан американдық ғалым А.Т.Белл. Ол құрылғыны 1876 жылы ойлап тапқан. Содан бастап адамдар оны байланыс құралы ретінде пайдаланып келеді.*<br>*<u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u>*сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>*Балалар, ендеше біз қазір электроника құрал-жабдықтары тұратын топқа саяхат жасайық.*<br>- *Балаларбұл не?*<br>- *Телефон*<br>- *Телефонныңбірнәрсесіжетіспейтінсияқты. Ол не екен?*<br>*Телефонныңреттіксандарыжетіспейтінсияқты,қанемындақандайтүстержетіспейді,жапсырайық.*<br>*<u>Байланыстырып сөйлеу:</u>* электроника туралы ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>*<u>Дидактикалық ойын:</u> «Телефон»* |

| | |
|---|---|
| |  ***Мақсаты:****Қатты қағаздан жасалған телефон пішініне реттік сандарын әр түспен жапсыру. Түстерді атау, пішіндерін ажырату, сөздік қорын байыту.*<br>- *Балалар келесі тұрған не екен?*<br>- *Теледидар, өтедүрыс.*<br>- *Теледидардытамашалағандысендержақсыкөресіңдерме?*<br>*Қандай?*<br>*«Балапан» арнасы, «Маша мен аю», «Том мен джерри»*<br>Күтілетін нәтиже:Балалар электроника әлемімен танысты. Жаңа сөздерді жататады. Электроника әлемі туралы түсінік қалыптасты ,қауіпсіздік ережесімен танысып, пайдасы туралы білімдерін нығайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Таныс ертегілерді мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейін өздігінен қайталап айтуға үйрету. Заңғар, Айзере |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Qonzhyq» бағдарламасын қолданып,жұмыстану |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған жұмыс жоспарымен жұмыстану. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Мамандықтың бәрі жақсы»
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.02.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларға балабақшадағы маман иелерімен таныстыру.<br>Шаттық шеңбері:<br>Үлкенге де Сіз<br>Кішіге де Сіз<br>Құрметпенен сіздерге<br>Бас иеміз біз. (Бас иеді).<br>«Қ» дыбысына байланысты артикуляциялық жаттығу және ән жаттау.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайықдостарым,<br>Арайлапатқанкүнге.<br>Балалар қазір Жылдың қай мезгілі?<br>КөктеммезгіліндеНешеай бар?<br>Балалар, бүгінгіашықоқуіс — әрекетіміздіңтақырыбы «Мамандықтыңбәріжақсы» депаталады.<br>Бізбүгінмамандықиелерітуралыөтеміз.<br>Барлықмамандарөмірдеөтеқажетекен.<br>Балаларсендербалабақшадакүндеқандаймамандықиелерімен<br>кездесесіңдер?<br>директор, тәрбиеші, тәрбиеші көмекшісі, медбике, аспазшы.<br>Балалар олай болса жұмбақ шешіп,<br>-Сендердің кім болғыларын келетіндігін мен жазып алып, «Арман гүліне» іліп қоямын.<br>Жұмбақтар шешу:<br>Сауықтырар сырқатты , жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер)<br>— Өте жақсы, Алан бізде дәрігер болады.<br>Кішкене әлі баламын,<br>Таудай болар талабым.<br>Ақ халатты абзал жан,<br>Мен дәрігер боламын.<br>Алихан (шаштараз)<br>Сән үлгісін қиятын<br>Шаштараз болам жолына<br>Түрлі — түсті шаш қиып |

| | |
|---|---|
| | Қызмет етем халқыма.<br>Әсемпаз болма әрнеге<br>Өнерпаз болсаң, арқалан,<br>Сенде бір — кірпіш дүниеге<br>Кетігін тап та бар қалан!<br>Балалар осындай мамандық иесі болу үшін білімді, тәрбиелі болып ер жетуіміз керек.<br>Логикалық тапсырма:Суретке қарап, әңгіме құрау.<br>Мақсаты:үлкендердің,мамандық иелерінің еңбегін бағалай білуге үйрету.<br>Өтежақсыбалалар.<br>Балалардымадақтау |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Сөздерді байланыстырып сөйлеуде ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | «Ертегілер еліне саяхат» апталыға балаларды дайындап, қатыстыру.<br>Ибрахим, Әділхан |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Qonzhyq» бағдарламасын қолданып,жұмыстану |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған жұмыс жоспарымен жұмыстану. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Мен санай білемін»
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.02.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларға санауды үйрету және сандармен таныстыру.<br>*Тілдік дамытушы орта:* бір-бірімен күнделікті еркін ойында балаларға санамақтар үйрету.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* тақырыптық сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру «ә», «ү» дыбыстарының артикуляциясын, дұрыс айтуын нақтылау және бекіту.<br>*Сөздік қор:* 1,2,3,4,5 сандарын санауды, сандардың атауларын үйрету.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* өз бетімен жай сөйлем құрастыруға, сұрақтарға жауап беруде Жаттығу жасап «Кел, санайық!» ойыншықтарды санайды, керек санмен белгілейді.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* ойыншықтар мен суреттерді қарастыра отырып санап беруге дағдыландыру. ір-ір-ір-мынау сан-1, кі-кі-кі-мынау сан -2. Тыңдайды, бірге және жеке қайталайды.<br>Сөйлем құрастыру:<br>-Суретте екі алмұрт.<br>-Суретте бір алма.<br>Сергіту сәті: 1,2,3.Ал, кәнекей ұш.<br>«Көңілді есеп» ойыны<br>Санамақ жаттау. Д.Б.Дюсенова «Саусақ санау»<br>Бас бармағым – алма,<br>Жесең саған пайдамын!<br>Сұқ саусағым – өрік,<br>Берер саған көрік!<br>Ортан саусақ – шиемін,<br>Күтілетін нәтиже: санауды үйренеді және сандармен танысады. Өз бетімен жай сөйлем құрастыруға, сұрақтарға жауап беруге тырысады. 1-5 ке дейін санайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Сын есімдерді пайдалануға үйрету. (үлкен қызыл автобус, кішкене жеңіл көлік, қара тікұшақ, үлкен әдемі ұшақ) |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | «Кел, санайық санамақ!» шарасына балаларды дайындау.<br>Дошана, Тасмен |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Тақырыпқа байланысты өлеңдерді мәнерлеп оқуға үйрету. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Мобильді кітапхананы қолдануға ата-аналарға кеңес беру. |